

**Бурабай аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 25 қыркүйектегі № 5С-34/2 " Мүгедектер қатарындағы мүмкіндігі шектеулі балаларды үйде оқытуға тәртібін және мөлшерін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 6С-9/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 қаңтарда № 5671 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 10 қарашадағы № 8С-10/1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 10.11.2023 № 8С-10/1 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, " Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңдарына, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16 бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26 бабына сәйкес, Бурабай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Мүгедектер қатарындағы мүмкіндігі шектеулі балаларды үйде оқытуға тәртібін және мөлшерін белгілеу туралы" Бурабай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 қыркүйектегі № 5С-34/2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4398 болып тіркелген, 2014 жылғы 23 қазанда аудандық " Бурабай" және "Луч" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1) тақырыбы жаңа редакцияда баяндалсын:

"Бурабай ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өндіріп алудың тәртібін және мөлшерін анықтау туралы";

2) 1 тармақтың 1 азат жолы жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өндіріп алудың тәртібі анықталсын:".

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
IX (кезектен тыс) сессиясының  
Төрайымы*

*Қ.Өміртаева*

*Аудандық мәслихаттың  
хатшысы*

*Ө.Бейсенов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Бурабай ауданының әкімі*

*Т.Ташмағамбетов*

**9 желтоқсан 2016 жыл**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК